

А.Н. Кушанова¹, А.С.Кушкимбаева¹

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, 030000, Қазақстан Республикасы

М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЛИНГВОКОГНИТОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

Мақалада когнитивті лингвистика, концепт мәселелері қарастырылған. Концепт жайындағы түрлі көзқарастар мен классификациялар берілген. Концепттің танымдық білімнің көрінісі екендігі жайында, мәдени концепт ретінде анықталуымен қатар, концепттің түрлері қарастырылған. Зерттеу жұмыста М.Әуезовтің шығармалары алынып, ондағы «байлық-кедейлік» концептілері талданған. Мақаланың мақсаты М.Әуезов шығармаларының лингвокогнитологиясы, туындылардағы концепттің халық санасында қалыптасқан әлемнің бейнесін анықтау. Қаламгердің «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Сөніп-жану», «Барымта» шығармаларындағы «байлық» пен «кедейлік» концептілерінің ассоциациялық өрісі анықталған. Байлық құттың синонимі ретінде анықталғанымен, зорлықтың, сараңдық, қомағайлық сынды қасиеттердің синонимі көрінеді. Кедейлік әлсіздіктің, шамасыздық жоқшылықтың көрінісі ретінде сипатталады. Қазақ жеріндегі «байлық» жайындағы және «кедейлік» турасындағы өзгерістердің себебі саяси өзгерістерге байланысты қалыптасқан. Шығармалардың ағылшын тіліндегі нұсқаларында «байлық» – жадность, «кедейлік» – позор, обида мағыналарында көрінеді. Мақаланың құндылығы М.Әуезов шығармаларындағы астарлы мәнді, сол кезеңдегі халықтың танымын «байлық» және «кедейлік» концептілері арқылы анықтау негізінде отаршылдық кезеңіндегі қарама-қайшылықтар жайындағы аялық білім анықталады. Сонымен бірге, мақалада «байлық - кедейлік» концептісінің құрылымы анықталған. Мақалада Ж.Сұлтан, D. Geeraerts, Y. Siuuskens, Б.Тлеубердиев, Ж.Қошанова, Н.Шахметова сынды зерттеушілердің пікірлері қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар мен пікірлер концептуалды талдаудың, концепт жайындағы зерттеулерге түрткі бола алады.

Кілт сөздер: когнитивті лингвистика, концепт, мәдени концепт, контраст концепт, ассоциациялық өріс, байлық-кедейлік концептісі, концептуалды талдау, салыстырмалы талдау.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Когнитивті лингвистиканың басты зерттеу нысандары ретінде жалпы білім қоры, ақпаратты өңдеу, когнитивтік модель ретінде концепт пен образ, концептуалдық жүйе негізінде: схема, скрипт, фрейм сияқты ұғымдар танылады. Қоғам дамып, уақыт өткен сайын адамның танымдық, ұғымдық ой-өрісі дамып, санада қалыптасқан ұғымдарды танудың шеңбері арта түседі. Осыдан, когнитивті лингвистиканың басты нысаны санада бейнеленген құбылыстардың ішкі мәнін анықтаудың, түсіндірудің жолын табу болмақ. Бұл жолдағы зерттеулерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін когнитивтік бірлік – концепт болмақ.

Когнитивті лингвистика, концепт жайындағы Б.Нұрдәулетованың зерттеулерінде концепт қатпарлы құрылымдардан тұратыны айтылады. Солай, концепт қабаттары негізгі, қосымша және ішкі қабаттардан құралады. Негізгі қабатқа жалпы халыққа тән ұлттық құндылықтар, белгілер енеді. Қосымша, пассив қабатта субмәдениет өкілдеріне тән ерекшеліктер мен айырмашылықтар жатады. Үшінші қабатта концепт ішкі форма белгісімен анықталады, және зерттеуші бұл белгінің күнделікті тұрмыста таныла бермейтінін, белгілі бір мамандарға белгілі екенін айтады. Концепті поэтикалық мәтінде мазмұн арқылы танылады. Ал концептідегі мазмұнның негізі қаламгердің әлемді қаншалықты танығанына байланысты

қалыптасады. Автордың әлем жайындағы поэтикалық бейнесін анықтау концептілік құрылым жайындағы зерттеулерден көрінеді.

КІРІСПЕ

Антропологиялық парадигманың негізінде қалыптасқан когнитивтік лингвистика немесе лингвокогнитологияның басты нысаны – концепт. Ұсынылып отырған мақаланың басты мақсаты концепт жайындағы зерттеулерді негізге ала отырып, М.Әуезов шығармашылығындағы «байлық» пен «кедейлік» концептісінің ассоциациялық өрісі мен концепт құрылымын анықтау. Қаламгердің барлық шығармасында халықтың танымы, тыныс-тіршілігі суреттеліп, қазақ халқының болмысы, ХХ ғасырдағы жағдайы суреттелген. Осы негізден халқымыздың танымында «байлық» пен «кедейлік» жайында қалыптасқан танымның негізінде отаршылдық саясаттың әсері байқалады. Концепт туралы Ж.Сұлтан, D.Geeraerts, Y. Cuyskens, Б.Тілеубердиева, А.Ислам, А.Молдасанова, М.Күштаева, Е.Абақан, Е.Когая, R.Jackendoff, Ш.Ниятова, Б.Нұрдәулетова, Ж.Қошанова, А.Мырзағалиева, Н.Шахметова сынды зерттеушілердің пікірлері талданды. «Байлық» пен «кедейлік» концептісі жайындағы Ж.Қошанова мен А.Мырзағалиева пікірлері негізге алынып, байлық пен кедейлік жайындағы ұғымның өзгеруі себептері анықталды. Мақаланың міндеттері ретінде концепт жайындағы пікірлерді қарастыру, «байлық және кедейлік» концептілеріне М.Әуезов шығармалары негізінде ассоциациялық өрісін анықтау және «байлық», «кедейлік» концептісінің құрылымын анықтау. Зерттеудің әдіс-тәсілдері ретінде ассоциациялық, концептуалдық талдау алынды. Мақаланың гипотезасы ретінде М.Әуезов шығармалары негізінде «байлық» және «кедейлік» концептілері қарастырылып, практикалық жағынан «байлық пен кедейлік» концептісі тақырыбында, лингвокогнитологиядағы зерттеулерге негіз болады деп білеміз. Зерттеу мақаланың мәні де М.Әуезов шығармашылығына лингвокогнитологиялық баға беру, халықтың танымын анықтау болып табылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Бүгінгі таңда көптеген тіл зерттеушілерінің басты назарында тіл теориясының ХХ ғасырдың 50-жылдары қалыптасқан когнитивтік бағыты – адамның танымының сөйлеумен байланыстығын зерттеуді көздейді. Адамның күрделі психологиялық әрекеттері: есте сақтау, қабылдау, танымдық әрекеті, образды сезіну, елестету қабілеттері, тіл арқылы қарым-қатынас жасауы, әлем жайлы ақпараттың қалыптасуы, мінез-құлық, өмірлік ұстанымға әсер ету когнитология ғылымы негізінде жүзеге асады. Ж.Сұлтан когнитивтік лингвистиканы тілдің ерекшеліктерін әлеуметтік, қоғамдық тұрғыдан қарастыра отырып, тіл мен танымның байланысын, сабақтастығын қарастырып, тілді әлемді танудың құралы әрі сол танымның сақтаушы негізін басты назарда қарастыру екенін жеткізеді [1, 114]. D.Geeraerts когнитивті лингвистиканы когнитивтік механизм, трансформациялаушы таңбалар жүйесі ретінде тілді негізгі нысан ретінде қарастырады [2, 7]. Сонда лингвокогнитология когнитивті модельдің тілдік коммуникациялар арқылы білім алмасудың негізі екенін көреміз.

М.Әуезов шығармалары ұлттық мәдениеттің, болмыстың анық көрінісі болғандықтан, жазушының шығармаларындағы «байлық-кедейлік» концептісін талдау әрі аудармадағы көрінісін қарастыру лингвокогнитологиядағы концепт жайлы мол ақпарат береді. Жазушының тілдік қолданысындағы әлемнің тілдік бейнесімен қатар, сол замандағы халықтың танымынан ақпарат береді.

ХХ ғасырдан бастап қарастырылып, зерттеу айналымға енген концепт ұғымы жайлы пікірлер сан түрлі. А.Мороховский, Н.Артюнова, В.Колесов, Д.Лихачев сынды бір топ зерттеушілер концепт деп рухани мәдениетті танытатын тірек сөздер деп анықтайды. Әрі мәдени концепт деп мәдени ұғымдарды танытатын термин деп қарастырады. Дегенмен, еркіндік, ождан, тағдыр, ақиқат сынды сөздерді нақты анықтамамен анықтау мүмкін емес, ұжымдық сана қалай қабылдап, танитын болса, сол мәнді танытатын тіл бірліктері арқылы

қалған ұжым мүшелері арасында танылады. А.Мороховский зерттеулерінде концепт семантикалық мазмұн арқылы анықталып, үш түрлі топқа ажыратылады: идеологиялық, ғылыми, мәдени сөздер. Ғалымның классификациясының мәніне тоқталатын болсақ, бұл сөздердің қолданылу аясы барын, әрқайсысының қалыптастыратын иелерінің барын, бұл сөздердің белгілі бір мақсатқа бағытталуынан анықталады. А.Вежицкая болса, концептті идеал дүниенің нысаны ретінде танып, адамның әлем жайындағы пікірінен, түсінігінен қалыптасатынын айтады. Д.Лихачев зерттеулерінде концепт екі түрлі қатардан тұрады. Біріншісі – алғашқы ментальды түсінік. Екіншісі – рухани мәдениеттің тірек сөздері. Н.Рябцева концепттің қасиеттерін былайша топтастырады. Адамзаттың санасында қалыптасқан ақпараттар адамның танымы, тәжірибесі, қабылдауы негізінде өзгеріп отыратынын, концепттің уәжделген өнім ретінде қарастырады. Қазіргі күні концептті анықтауда үш түрлі бағыт қалыптасқан. Бірінші бағыт мәдениет аспектісінде қарастырып, адамның ментальды әлеміндегі мәдениеттің бастау арнасы деп анықтайды. Бұл бағытта Н.Телия, Ю.Степанов сынды ғалымдар бар. Екінші бағыт бойынша, Н.Артюнова, Н.Шмелов, Т.Булыгина сынды зерттеушілер концептті тіл таңбасының семантикасы арқылы анықтайды. Үшінші бағыттағы Е.Кубрякова мен Д.Лихачев сынды ғалымдар концептті сөз мағынасынан ғана емес, адамның халықтың одан қала берді жеке тұлғаның тәжірибесі, көрген-білгені, аялық білімі, танымдық дүниесі негізінде қалыптасатынын айтады. Сонда, «концепт деп отырғанымыз шынайы дүние және сол дүниенің қарастыратын сөздер аясындағы қосымша аралық білім жүйесі» [3, 11]. Қорытындылайтын болсақ, концепт ақиқат дүниедегі санада жинақталған білім екенін көреміз. Концептілер мағынасына қарай бес топқа: метафизикалық (тағдыр, өлім, өмір т.б.), ұлттық-мәдени (тары, қамшы, дала т.б.), эмоционалды концептілер (бақыт, қайғы, қуаныш т.б.), калейдоскоптық концептілер (бір концептінің әр алуан концептілік құрылымдардан тұруы), контраст концептілер (өмір-өлім, бақыт-қайғы, байлық-кедейлік т.б.) деп ажыратылады. Контраст концептілер бір-біріне болмайтын, бір-бірін толықтырып, бір-біріне қарма-қарсы қолданылатын концептілер деп анықталады.

Зерттеу мақалада М.Әуезов шығармаларындағы «байлық пен кедейлік» контраст концептілердің ассоциациялық өрісі анықталып, концепттің құрылымы талданған. Салыстырмалы анализ әдісі негізінде М. Әуезов шығармаларының орыс тіліндегі мәтіндері қолданылған. Концептінің ассоциациялық өрісін анықтау Ж.Қошанова, Н.Шахметова зерттеулерінде қолданыс тапқан. Әлемді тануда санада қалыптасатын алғашқы ментальды сигналдар ретінде ассоциацияның концептіні анықтауда маңызы зор. Ассоциациялық өріс концептуалдық өріс негізінде жүзеге асады. Рухани және материалды мәдениеттің бірлігінен тілде көрініс тапқан мағыналар мен қоршаған әлем көріністері негізінде қалыптасқан ассоциациялық өріс концептуалдық өрісті бейнелейді. Сонымен, «байлық» концептісінің концептуалдық өрісі бақыт, құт, тіптен тағдыр концептілерімен байланысы байқалады. Дегенмен, М.Әуезов шығармалары негізінде «байлық» және «кедейлік» концептілерінің ассоциациялық өрісі қарама-қарсы мағынада құрылады. Концепт құрылымын анықтау Б.Нұрдәулетованың «Когнитивтік лингвистика» еңбегінде қарастырылған. Бұл әдіс концепттің қатпарлы құрылымнан тұратынын байланысты туындаған. Концепттің негізгі қабатында жалпы ұлтқа тән белгілер анықталады. Екінші қабаты – қосымша, жеке субмәдениет өкілдеріне қатысты белгілерден тұрады. Үшінші қабаты, яғни ішкі формада күнделікті тұрмыста таныла бермейтін, белгілі бір сала мамандары ғана түсінетін бірліктерден құралған. Бұл әдіс арқылы «байлық», «кедейлік» концептілерінің құрылымын, ішкі форманың өзгеріске ұшырағаны анықталды.

НӘТИЖЕЛЕР

А.Ислам «Лингвомәдениеттану: Тіл мен мәдениет контекстінде» (2004) еңбегінде концепт жайлы зерттеулерді қарастыра келе, концептінің басты белгілерін анықтайды. Зерттеушінің пікірінше, мәдени реңктің болуы концепттің басты белгісі ретінде қарастырылады. Осы негізден ұлттық дүниетанымды түсінудегі, қабылдаудағы басты әрі

негізгі компонент ретінде көрінеді. Сонымен, зерттеушінің анықтауына, концепт дегеніміз белгілі бір ұрпақтан-ұрпаққа таралып, этномәдени санада сақталған, терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтар турасындағы түсінікті білдіретін құрылым дейді [4, 63]. Сондай-ақ, А.Ислам концептілердің негізінде ұлттық дүниетанымдық көзқарастар мен ұстанымдар танылады. Тұрмыстағы түрлі ерекшеліктер мен салт-дәстүрлердің қалыптасуына әсер еткен прототиптер, белгілі бір шарттар, ұлттық мінез, ұлттық діл концептінің негізін құрайтынын айтады [4, 89]. Тұрмыс лексикасындағы дүниенің тілдік бейнесін зерттеген А.Молдасанованың көрсетуінше, концепт ұлт мәдениетінен хабар беретін ұғымдардың ассоциативті құрылымы ретінде анықталатынын, сол халыққа тән дүниетанымның толық бейнесі ретінде қарастырылатынын айтады. Сонымен бірге, ұлт тұлғасының концепт арқылы ажыратылады [5, 12]. Зерттеуші Е.Абақан зерттеулерінде [6, 65] сөздің мағынасы ретінде концептінің анықталатынын көреміз. Жоғары деңгейлі абстрацияны беретін ұғымның процесс, оқиға деп аталатынын айтады. Сонымен қатар, концептінің түрлі тілдік бірліктер арқылы танылатынын, метафора, теңеу, эпитет, фигура, ассоциация, символ сынды құралдар негізінде анықталатынын зерттеуші Е.Когау келтіреді [7, 4]. «Махамбет ақын тілдік тұлғасының концептосферасы» еңбегінің авторы Ш.Ниятова концептіні когнитивті лингвистиканың басты нысаны ретінде қарастырады. Кең мағынасынан алып қарағанда дүние турасындағы білімдер жүйесінің үзіндісі ретінде, жеке тұлғаның қоршаған ортадағы, шындық болмыстағы құбылыстар мен заттардың, түрлі-түрлі объектілер жайындағы ойларының, пікірлерінің, білетіндерінің, қиялдағы сан түрлі көріністердің барлығын қамтиды деп, концепті когнитивтік сипаттың тіл мен мәдениеттің сабақтастығында көрінетінін жеткізеді. Сонымен бірге, зерттеуші концептіні өзек маңында және ортаңғы өзекте топтасқан түсінік, білім, ұғым ассоциациялары бар өріс ретінде қарастыруды ұсынады. Сондай-ақ, концептінің табиғатын кілт сөздер, микроконцепт, макроконцепт, бірегей, әмбебап концептілер деп ажыратады [8, 47]. Осы орайда, зерттеуші Б.Нұрдәулетованың зерттеулерінде түйе концептісінен мысал келтіреді. Түйе концептісі жайындағы негізгі белгілер шөлге шыдайтыны, жүк артып көшуге ыңғайлы жануар болғаны танылса, қосымша белгі ретінде түйенің сүтінен жасалатын шұбаттың өкпе ауруларына ем екені, жүнінен белдік жасалатыны, шудасы көптеген ауруларға шипа туралы мәліметтер қамтылады. Түйе концептісінің ішкі формасы ретінде түйе жайындағы діни және мифологиялық танымды көбі біле бермейді деп көрсетеді [9, 62].

Лингвокогнитология саласындағы зерттеуші М.Джекендоффтін пікірінше, концептілік құрылымдардың адамның ми қыртысындағы қалыптасқан ақпараттардың белгілі бір ұғым төңірегінде шоғырланып, көрі, есту, сезу қабілеттері негізінде тілде көрініс табуы деп анықтайды [10, 29].

ТАЛҚЫЛАУ

«Байлық» пен «кедейлік» оппозициялық концептісі тілдік бірліктерде бір деңгейлік сипатта көрінеді. «Байлық» концептісін жасайтын бірліктер: пұл, құт, барлық, дәулетті, ауқатты, хан, сұлтан, төре, би, бек, әлді, күшті, жақсылар, бай-бәйбіше, жеті атасынан қара көк, шынжыр балақ сынды т.б. тіркестерден көрінеді. «Кедейлік» концептісін құлдық, жарлылық, сорлы, пақырлық, табанынан таусылған, отымен кіріп күлімен шыққан, ғаріп, міскін, тақыр кедей сынды т.б. тілдік бірліктер құрайды. Сонымен бірге, «байлық-кедейлік» концептісінің жұптық сипаты да бар. Мәселен, «барлық - жоқтық», «бай - пақыр», «пұлды – пұлсыз», «дәулетті - дәулетсіз» деген бинарлық сипаттағы тілдік бірліктер де кездеседі [11, 221].

Адамның бақытты болуына септігін тигізетін құндылықтардың бірі – байлық. Мәселен, Ж.Қошанова өзінің зерттеуінде «байлық» концептісінде «құт», «береке/берекет» концептілерін қарастырған. Солай, «құт» концептісінің екі түрлі мағынасын көрсетеді. Біріншіден, рух, жан ретінде анықталса. Екінші мағынасында амандық, сәттілік, байлық, игілік деп қолданыс тапқан. Сонымен бірге «Құтты білік» туындысында адамның дүниеге келуін құт

деп білген. Солай «құттың» тіршілік көзі екенін білеміз. Түркілерде құтты беруші – Тәңір, арабтарда тіршіліктің иесі – Алла [12, 29].

Н.Шахметова зерттеулерінде байлық концептісін «тағдыр» концептісімен қатар қарастырған. «Тағдыр» концептісі бақ, пешене, сыбаға, нәсіп сынды сөздермен анықталады. Сонымен бірге, «құт» концептісінің «бақыт» концептісін анықтайды. «Бақыт» концептісі бақ+құт анықтамасынан шығады. «Құт» молшылықтың, байлықтың белгісі [13, 23]. бай болу, байлықтың ортасында болу бақытты болудың бір шарты болса керек.

Дегенмен, жазушы М.Әуезов шығармашылығындағы «байлық - кедейлік» концептісі басқа қырынан танылады. «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Сөніп-жану» шығармаларындағы «байлық – кедейлік» концептілерінің мағынасының ауысуы отаршылдықпен байланыстырамыз. Зерттеуші Ж.Қошанова XIX ғасырдан басталған орыс капитализмінің енуімен «тілде басқарушы мен тәуелді халықты, бар мен жоқтықтың мәнін қарама-қарсы түрде өзгертіп, ажырата бастады» [12, 10], - деп өзгерістің мәнін түсіндіреді. Мәселен, «Қорғансыздың күні» шығармасында: Дүниенің тарлығы ғана қинап бара жатқаны жайында Ғазизаның әжесі бар жағдайын Ақанға айтады. Орыс тіліндегі нұсқасында мағынасына жақын трансформацияланған. «Я не отрекаюсь. Раз сын обещался, я сыну верю. Только дал бы осмотреться да выпросить-вымолить утех, кто сыну должен. Мы – со всеми нашим желаньем...» [15, 16], - деген үзінділерден жоқшылықтың жайын аңғартады. Сонымен бірге, әруақтан аттап, түрлі-түрлі сыбыс шығарып жүргендерге де налиды. «да что этим выродкам! И не бояться, что дух моего сына разгневается, покарает» [15, 17], - деп эквивалентті аударылған. Одан соң, Ғазизаның кедейлігінен басқа міні жоқ екенін, өзге қыздар сияқты тәрбиелі, биязы, сыпайы екендігін айтып әжесі тағы бір налиды. Осы үзінді орыс тілінде былайша келтірілген: «Иди, маленькая, гордая дочь совестливого отца, правнучка строптивного Кушикбая. Иди от своих горестей, несчастий и бед, от позора, муки, стыда, от пожизненного обмана. О чем тебе еще мечтать, о чем грезить? ты и не умеешь мечтать и грезить. ты обучена лишь плакать потихоньку от лютой обиды. А сейчас и того не можешь. Такова твоя доля. Она с тобой, она тебя ведет. Она записана на твоём лбу. Иди, не отставай» [15, 20], - деген үзінділерден байдың – зорлықшыл, кедейдің – әлсіздігі әшкереленген.

«Оқыған азамат» шығармасында өлім аузындағы Мақсұт Хадишаның төркіні бай екенін, қаласа өз жөнімен кете алатынын, бәрінен де анасына қиын болатын айтады. Жалғыз анасының уайымы Мақсұтты көп ойландырады. Осы тұс былайша аударылған: «Хадиша... не пропадет... Родных у нее много... Но тебе не родная дочь... Сама уйдет, случись что, а ты?... Может, и поплакать еще заставит...» [15, 25], - деп тура мағынасында берілген.

Ауыл адамдары арасында Жұмағұлдың үйленгені сөз болады. Қондыбайдың қызын алғаны, Қадишаның бұрынғы күйеуінің өлгені, кішкене қызын да қолына алғаны, сонымен бірге жасау-жабдықтың да мол екендігін айтып өтеді. Сондай-ақ, Қадишаның бұрынғы күйеуінің қалған мүлкін де Жұмағұлдың алатыны да анық бола түседі. Тіптен, Қадишаның әкесі Қондыбай да осыны меңзейтін көрінеді. Жұмағұлдың әке-шешесі Әміре мен Қамарияға да балаларының дүркіреген бай болғанын естіп, мәз де болған. Бұл арқылы жазушы қазақ арасындағы байдың образын, мал-мүлік қана байлықтың көрсеткіші болатынын аңғартқан. XX ғасырдың басындағы өзгерістерге қарамастан, оқып, дұрыс-бұрысты ажыратқанына қарамастан, Жұмағұл мен Қадишаның пиғылының бұлайша бүлінуі неліктен деп түсінбеуіміз де мүмкін. Дегенмен, оқу адамның о бастағы ниетін өзгерте алмайды екен. Байлық та, оқу да адамның ішінде не жатқанын, қандай қасиеттері барын көрсетуші құрал ғана болмақ. Орыс тіліндегі нұсқасына назар аударатын болсақ, аталған кейіпкерлердің іс-әрекеті сол күйінше берілген. «В соседний аул приехали люди из город. Хвалят Жумагула. Хорошо женился. Взял дочь Кондыбая. Слыхать, приданого за ней много, да и после первого мужа осталось богатство всякое. Теперь будто бы думает Жумагул удочерить девочку – дочку жены. А уж коли возьмет на воспитание ребенка, все имущество умершего по закону перейдет ему. Есть еще старуха, мать покойного. да много ли ец надо? «Богатым человеком стал ваш сын, в несколько дней жизнь свою повернул»» [15, 29], - деген үзіндіден бай адамның арамдығын анық көреміз.

Жұмағұл мен Қадишаның оқығанын, ел мен жер көргенін білеміз. Алайда, құлқын, пиғыл жағынан оқымаған өз әке-шешелерінен асып кетті. Әке-шешесі оқымай, ел көрмей, қызмет қылмай, байыды. Соған қарамастан, Қадишаның өлген күйеуінің мал-мүлкіне ортақтасуды ойлап, қалайда кемпірден үйді алуды жоспарлауда бала әкеден, келін енеден асып түсті. Жазушы осы арқылы қоғамдағы бай мен кедейдің арақатынасын, байлардың құлқыны тоймайтынын, ала беруді көздейтінін анық суреттеген. Оқыған жігіттің сиқы мынау деп анық бейнелеген. Орыс тілінде нұсқасында осы сарын анық көрінеді. «Все четверо очень скоро нашли общий язык. Ведь важный и сложный вопрос о разделе имущества занимал равно их всех. Молодые оказались здесь не менее матерыми, чем их старые родители. В скупой расчетливости сноха и «ученый» сын даже превзошли стариков. И не стало в этой четверке молодых и старых, ученых и неучей, мысль о богатстве крепко сплотила всех» [15, 30]. Тіптен, әке баласына арсыз болсаң, абыройлы боласың дегенді құлағына сіңіре бастады. Жұрттың бай болып, мал тауып, жағдайыңды жасап жатқаныңды көре алмайтынын айтып, баласын бұрыс жолға насихаттады. Абайдың бір сөзінде баласын болыс болу үшін емес, адам болсын деп оқуға бердім дегеніндей, бұрынғы қазақ баласының шен алғанын, сонысымен мақтанғанын құп көреді. «Тех, к кому удача идет, всегда ненавидят. Плюй ты на наро. да и совесть твоя не больно нужна...» [15, 31], - деу арқылы оқыған/оқымағанына қарамастан, адамның құлқыны тоймайтынын көрсетеді.

«Жыланға түк біткен сайын қалтырайды деп, байыған сайын араның ашылып жұтпақсын ба зарлыны?» [14, 108]. «Верно говорят: чем богаче человек, тем жаднее!» [15, 34].

«Сөніп-жану» шығармасында да бай адамның зорлықшылдығын көрсетеді. Ғазизаға ата жолымен атастырылған Жақып бұрынғы байдың қазіргі ұрпағы. Оқыған, білімді деген жастың сол замандағы бейнесі. Ғазизаның Жақыптан Ісләмды артық көруі Жақыптың есіне бұрынғы өткен дәуірді еске салады. Ол заманда Жақыптың әкесіне Ғазизаның әкесі, тіпті Ісләмнің де әкесі бағынышты болған кез еді. Сол кездің қалайша өзгергенін, өзінен төмен Ісләмді Ғазизаның артық көруін өзі үшін қорлық деп санады. Орыс тіліндегі нұсқасында тұс тура мағынасында келтірілген.


«Жакуб ответил на сразу. Он предполагал, что Газиза не стыдится так говорить об этом только потому, что повторяет слова, которым ее научил Ислам. Но говоря о своем презрении к жениху, она соскорбляет дух предков Жакуба! Какой позор, если весь род заговорит, что дочь Исмаила отвергла его, всесильного Жакуба, и ушла с ученым мальчишкой! Давно и, кажется, вчера еще, Азимбек да и сам Исмаил во всем зависели от большого человека – отца Жакуба. А сегодня сын одного и дочь другого имеют наглость глумиться над Жакубом, уважать его! Нет, нельзя снести такую обиду! Нельзя спокойно проходить мимо людей, издававшихся над законами предков. да, он, Жакуб, не может простить оскорблений, не хочет и не будет слушать болтовни полоумной девчонки!» [15, 60], - деген үзіндіден Ғазизаны күштеп жар етуді көздеген Жақып өзінің бай ата-бабаларының атына кір келтірмеуді ойлайды. Жақыптың өзімшілдігі, өркөкіректігі, бұрынғы байдың ұрпағымын деп көкірегін керуі де орыс отаршылдығы заманындағы өзгерістердің көрінісі. Әйтпесе, байлық – құт сөзімен байланысқан, тіптен бақыт концептісінің қатарында анықталған еді.

«Барымта» шығармасында байлық тіптен озбырлық көрінісіне айналғандай. «Екеуі де малды, кісілі, жуансынған соқтыққыш ел болатын. Осы екі ел ру басы жуандарының бір-біріне сыз өткізсем деген басталасы, бақкүндестігінен және солардың екі елді бүлдірген мінезінен барып, ақыры, бір-біріне қатты уыққан, қатты аңдысып шатасқан ел болатын [15, 221].

«И в той и в другой волости живут многолюдные, богатые скотом, воинственные роды. Исстари междоусобица разделяет их. А главари – те еще стараются, раздувают вражду. Все лето следят аулы за кочевьем противника, досаждают друг-другу при удобном случае. А уж сойдутся дороги, без барымты не обходится – охотники разбойничать всегда наготове. А потом начинаются тяжбы о вдовах – к кому из родственников мужа должны они перейти, о куне – выкупе за убийство. И так из года в год. Что прошлым летом тут было! Дошло чуть ли не до настоящей войны. О примерении не могло быть и речи. Главари родов порядком потратились на адвокатов. Только не принесло все это успеха ни той, ни другой стороне» [15,


77]. «Досбол тілеуіндегі жуан ауылдың көбі бұның ыстығына күйіп, суығына тоңбақ болып, өзді-өз ауқымындағы кедей-кепшіктерін де қолтығынан шығармай сойыл соғар ғылып, әзірлеп жүрген» [14, 222]. «Богат Досбол. Мн+ого у него преданных, послушных слуг. Жмут они на бедняков – кедеев, крепко держат в руках. И так повелось: стоит лишь кликнуть Досболу – молодые сыновья кедеев кидаются по коням и жизни не щадят, защищая добро бая. Славные бойцы у Досбола!» [15, 78]. «Көпшіліктің айтуынша да, Досбол мен Қалбағайдың болжауына да бұл жолы Қарағанды мықтап сайланып соқтығуға лайық еді. Соңғы уақытта Қарағанды жақтан жансыздан келген хабар: «Айдар Қалбағайдың да атын естіп, Қарағандыдағы мықты ұрыларды жиып жатыр, үлкен қолмен келіп, бір мықтап соқтықпақшы» деген» [14, 225]. «Аксакалы предсказывали: «Большая схватка будет. Айдар сильно рассердился, пощады не даст». Чувствовал это и сам Досбол. Понимал и Калбагай. Дошло до них: задумал Айдар во что бы ни стало одержать верх. Набрал в отряд самых отчаянных воров» [15, 227]. Бұл шығармада екі байдың тіке-тіресі бейнеленген. «Байлық» концептісі бұл шығармада қалыптасқан сценарий бойынша анықталады. Байырғы қазақтың дәстүрінде әр байдың өзінің барымташысы болған. Бір байдың екінші байдың малын жер үшін, жайлау үшін айдап әкеткен. Шығармада екі байдың барымтасы жайында айтып, байлардың барымта бастайтынын, кедейлердің шаруасын бұзып, барымтаның басы-қасында жүретінін көреміз.

Солай, М.Әуезов шығармаларындағы байлық концептісінің ассоциациялық өрісі былайша көрінеді:



1-сурет. «Байлық» концептісінің ассоциациялық өрісі.

Кедейлік концептісі былайша көрінеді:



2-сурет. «Кедейлік» концептісінің ассоциациялық өрісі.

№	Концепт құрылым	Байлық	Кедейлік
1	Негізгі белгі	Байлық – молшылықтың, баршылық.	Кедейлік – жоқшылықтың, таршылық.
2	Қосымша белгі	Байлық – мақтаншақтық, қанағатсыздық көрінісі екенін көреміз.	Кедейлік – шарасыздық, дәрменсізліктің көрінісі ретінде көрінеді.
3	Ішкі формасы	Байлық – арсыздықтың, зорлықшылдықтың, қорлық көрсетушінің бейнесінде анықталады. Аудармада: байлық – жадность мағынасында келеді.	Кедейлік – басында билігі жоқ, әлсіздік, кемдік, мін ретінде көрінеді. Аудармада: кедейлік – позор мағынасында келеді.

1-кесте. М.Әуезов шығармаларындағы «байлық», «кедейлік» концептілерінің құрылымы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылайтын болсақ, М.Әуезовтің шығармаларында «байлық - кедейлік» концептілерінің мағынасы ауысып, «зорлықшыл - әлсіздік», «қанағатсыздық - тойымсыздық», «баршылық - жоқшылық» тіркестері арқылы анықталады. Салыстырмалы талдау негізінде «байлық» - жадность сөзі арқылы анықталады. Сонымен бірге скупость, издевать, не быть позором, без совестный сынды тіркестерде анықталады. «Кедейлік» концептісі қатарында, несечность, беда, горесть, позор, мука, стыд сынды тіркестер арқылы берілген. Сонымен қатар:

- М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Сөніп-жану» шығармаларындағы «байлық – кедейлік» концептісі талданды;
- «Байлық - кедейлік» концептісінің «құт» мағынасынан өзгеруі, себептері қарастырылды;
- «Байлық - кедейлік» концептісінің шығарма негізінде ассоциациялық талдау арқылы ассоциациялық өрісі анықталды;
- «Байлық - кедейлік» концептісінің құрылымы анықталып, ішкі формасы, терең мағынасы қарастырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сұлтан Ж. Тілтанымның бүгінгі бағыттары және Жұбановтану проблемалары. Ақтөбе, 2010. – 151 б.
- 2 D. Geeraerts, Y. Cuyskens Cognitive linguistics. (Oxford university press, 2007)
- 3 Кубрякова Когнитивті лингвистика және "когнитивті" терминінің семантикасы туралы. ВГУ хабаршысы, лингвистика және мәдениетаралық коммуникация сериясы, 2001. №1, 4-10 б.
- 4 Тлеубердиев Б. Поэтикалық мәтінді лингвоконцептологиялық тұрғыдан талдау. Оқу құралы. Алматы: Эпиграф, 2019. – 104 б.
- 5 Ислам А. Лингвомәдениеттану: тіл мәдениет контексінде. – Алматы, 2004. – 244 б.
- 6 Молдасанова А.Ә. Тұрмыс лексикасындағы әлемнің тілдік бейнесі. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2007. – 31 б.
- 7 Абақан Е. Тілдің мәдени философиясы. – Алматы: Айкос, 2000. – 288 б.

- 8 Kogay E.R. «The concept of Time in signature worldview of Timur Zulfikarov». Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Хабаршысы: Филология сериясы, №1. – 2017 жыл. – 91 б.
- 9 Ниятова Ш. Махамбеттің тілдік тұлғасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. Алматы, 2007. – 144 б.
- 10 Нұрдәулетова Б. Когнитивтік лингвистика: Оқу құралы. Алматы, 2011. – 310 б.
- 11 Jackendoff R. Semantic structures. - Cambridge. 1990. – 180 p.
- 12 Мырзағалиева А. «Байлық - кедейлік» қарама-қарсы концептісінің когнитивтік сипаты. Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы Абай мұрасы – өскелең ұрпақты рухани жаңғыртушы әлеует» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. 17 сәуір 2020 ж. 221-227 бб.
- 13 Қошанова Ж. Қазақ тіліндегі «Байлық - кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2009. – 34 б.
- 14 Шахметова Н. Көркем дискурстың синергетикалық және когнитивті-прагматикалық әлеуеті. Орыс және қазақ тілдеріндегі "тағдыр"/"Тағдыр" мысалында. Диссертация. Астана, 2010. 23-24 б.
- 15 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 1 т. Әңгімелер. Алматы, «Жазушы», 1979. – 456 б.
- 16 Әуезов М. Повестьтер мен әңгімелер. Қазақ тілінен аударма. – Алма-Ата: жалын, 1984. – 512 б.

Материал 12.06.2024 баспаға түсті

Типология лингвокогнитологических единиц в творчестве М. Ауэзова

А.Н. Куцанова¹, А.С.Кушкимбаева¹

¹Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, 030000, Актөбе, Республика Казахстан

В статье рассматриваются вопросы когнитивной лингвистики, концепта. В концепции представлены различные точки зрения и классификации. Что касается того, является ли концепт выражением ментального знания, помимо того, что он определяется как культурный концепт, рассматриваются типы концепта. В исследовательской работе взяты произведения М. Ауэзова, рассмотрены концепты "богатство-бедность". Цель статьи - выявить в произведениях М. Ауэзова, лингвокогнитологию произведений, образ мира, сформированный в сознании народа концептом в его произведениях. Определено ассоциативное поле концептов «богатство» и «бедность» в произведениях писателя «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Сөніп-жану», «Барымта». Несмотря на то, что богатство определяется как синоним благополучия, оно проявляется как синоним таких качеств, как насилие, скупость, ненасытность. Бедность описывается как проявление слабости, неполноценности. Причина изменений в «богатстве» и «бедности» на казахской земле сложилась в связи с историческими изменениями. В английском вариантах произведений «богатство» выражается в значении «жадность», «бедность» выражается в значении «позор, обида». Ценность статьи заключается в том, что на основе определения подтекста в произведениях М. Ауэзова, познания народа того периода с помощью концептов «богатство» и «бедность» выявляются фоновые знания о противоречиях колониального периода. При этом в статье определена структура понятия «богатство - бедность». В статье были рассмотрены мнения таких исследователей, как Ж. Султан, D. Geeraerts, Y. Siuuskens, Б. Тлеубердиев, Ж. Кошанова, Н.Шахметова. Выводы и мнения, полученные в результате исследования, могут послужить толчком к изучению концептуального анализа, концепта.

Ключевые слова: когнитивная лингвистика, концепт, культурный концепт, концепт контраста, ассоциативное поле, концепт богатства и бедности, контекстуальный анализ, сопоставительный анализ.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Султан Ж. Современные направления языкознания и проблемы Жубановедения. Актобе, 2010. – 151 с.
- 2 D. Geeraerts, Y. Cuyskens Cognitive linguistics. (Oxford university press, 2007)
- 3 Тлеубердиев Б. Лингвоконцептологический анализ поэтического текста. Учебное пособие. Алматы: Эпиграф, 2019. – 104 с.
- 4 Ислам А. Лингвокультурология: язык в контексте культуры. – Алматы, 2004. – 244 с.
- 5 Молдасанова А.Ә. Языковая картина мира в лексике быта. Автореферат диссертации на соискание степени кандидата филологических наук. Алматы, 2007. – 31 с.
- 6 Абакан Е. Культурная философия языка. – Алматы: Айкос, 2000. – 288 с.
- 7 Kogay E.R. «The concept of Time in signature worldview of Timur Zulfikarov». Вестник Казахского национального университета им. Аль-Фараби: серия Филология, №1. – 2017. – 91 с.
- 8 Ниятова Ш. Языковая личность Махамбета. Диссертация подготовленная для получения научной степени кандидата филологических наук. Алматы, 2007. – 144 с.
- 9 Нурдаулетова Б. Когнитивная лингвистика: учебное пособие. Алматы, 2011. – 310 с.
- 10 Jackendoff R. Semantic structures. - Cambridge. 1990. – 180 p.
- 11 Мырзагалиева А. Когнитивная характеристика противоположных концептов «Богатство-бедность». Материалы республиканской научно-практической конференции «Наследие великого Абая – духовный модернизирующий потенциал подрастающего поколения», посвященной 175-летию юбилею Абая Кунанбайулы. 17 апреля 2020 г. 221-227 с.
- 12 Кошанова Ж. Концепт «богатство - бедность» в казахском языке: познавательный характер и функции. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Алматы, 2009. – 34 с.
- 13 Шахметова Н. Синергетический и когнитивно-прагматический потенциал художественного дискурса. на примере «Судьба» / «Тағдыр» в русском и казахском языках. Диссертация. Астана, 2010. 23-24 с.
- 14 Ауэзов М. Собрание сочинений в двадцати томах. 1 т. Рассказы. Алматы, «Жазушы», 1979. – 456 с.
- 15 Ауэзов М. Повести и рассказы. Перевод с казахского. – Алма-Ата: жалын, 1984. – 512 с.

Материал поступил в редакцию журнала 12.06.2024

Typology of linguocognitive units in the works of M. Auezov

A. Kuchshanova¹, A. Kushkimbayeva¹

¹K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, 030000, Kazakhstan

This paper explores concepts within cognitive linguistics, presenting various perspectives and classifications. It examines whether a concept reflects mental knowledge as a cultural construct and investigates different types of concepts. The study focuses on "wealth" and "poverty" in the context of M. Auezov's works, aiming to clarify the linguistic-cognitive aspects of his literature and the worldviews shaped by these concepts. An associative analysis of "wealth" and "poverty" is conducted through Auezov's texts, including "Korgansyzydyn kuni," "Okygan azamat," "Sonip-zhanu," and "Barymta." While "wealth" is often associated with happiness, it also connotes violence, greed, and insatiability. In contrast, poverty signifies weakness and inferiority. The shifts in these concepts in

Kazakh society relate to political changes. In English translations, "wealth" corresponds to "greed," and "poverty" to "shame" and "resentment." This article reveals the subtext in Auezov's works, shedding light on contemporary perceptions of "wealth" and "poverty" and the contradictions of the colonial period. Additionally, it outlines the structure of the "wealth and poverty" concept, incorporating insights from researchers such as Zh. Sultan, D. Geeraerts, Y. Cuyckens, B. Tleuberdiyev, Zh. Koshanova, and N. Shakhmetova. The conclusions drawn may serve as a foundation for further conceptual analysis and research.

Key words: cognitive linguistics, concept, cultural concept, contrast concept, associative field, concept of wealth and poverty, contextual analysis, comparative analysis.

REFERENCES

- 1 Sultan Zh. *Sovremennye napravleniya yazykoznaniiya i problemy Zhubanovedeniya* [Modern directions of linguistics and problems of Zhubanov Studies] (Aktobe, 2010).
- 2 D. Geeraerts, Y. Cuyckens *Cognitive linguistics*. (Oxford university press, 2007)
- 3 Tileuberdiyev B. *Lingvokontseptologicheskij analiz poeticheskogo teksta* [Linguistic and conceptual analysis of a poetic text] (Almaty, 2019).
- 4 Islam A. *Lingvokulturologiya: yazyk v kontekste kul'tury* [Linguoculturology: language in the context of culture] (Almaty, 2004).
- 5 Moldasanova A.A. *Yazykovaya kartina mira v leksike byta. Avtoreferat dissertacii na soiskanie stepeni kandidata filologicheskikh nauk* [Moldasanova A.A. The linguistic picture of the world in the vocabulary of everyday life. Abstract of the dissertation for the degree of candidate of Philological sciences]. Almaty, 2007. 31 p.
- 6 Abakan E. *Kul'turnaya filosofiya yazyka* [The cultural philosophy of language] (Almaty, 2000).
- 7 Kogay E.R. The concept of Time in signature worldview of Timur Zulfikarov. [Vestnik Kazahskogo nacional'nogo universiteta im. Al-Farabi: seriya Filologiya, №1.], 2017. 91 p. [in English]
- 8 Niyatova Sh. *Yazykovaya lichnost' Mahambeta. Dissertaciya podgotovlennaya dlya polucheniya nauchnoj stepeni kandidata filologicheskikh nauk*. [Niyatova Sh. Makhambet's linguistic personality. A dissertation prepared for obtaining the scientific degree of candidate of philological sciences.] Almaty, 2007. 144 p.
- 9 Nurdauletova B. *Kognitivnaya lingvistika* [Cognitive linguistics] (Almaty, 2011).
- 10 Jackendoff R. *Semantic structures*. (Cambridge, 1990).
- 11 Myrzagalieva A. *Kognitivnaya harakteristika protivopolozhnyh konceptov «Bogatstvo-bednost'»* [Cognitive characteristics of the opposite concepts of "Wealth-poverty"]. *Materialy respublikanskoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Nasledie velikogo Abaya – duhovnyj moderniziruyushchij potencial podrastayushchego pokoleniya», posvyashchennoj 175-letnemu yubileyu Abaya Kunanbayuly* [Materials of the republican scientific and practical conference "The legacy of the great Abai - the spiritual modernizing potential of the younger generation", dedicated to the 175th anniversary of Abai Kunanbayuly]. Almaty, 2020, pp. 221-227.
- 12 Koshanova Zh. *Koncept «bogatstvo - bednost'» v kazahskom yazyke: poznavatel'nyj harakter i funkcii*. *Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskikh nauk* [The concept of "wealth - poverty" in the Kazakh language: cognitive character and functions. Abstract of the dissertation for the degree of candidate of philological sciences]. Almaty, 2009. 34 p.
- 13 Shakhmetova N. *Sinergeticheskij i kognitivno-pragmaticheskij potencial hudozhestvennogo diskursa. Na primere «Sud'ba» / «Tardyr» v russkom i kazahskom yazykah. Dissertaciya*. [The synergetic and cognitive-pragmatic potential of artistic discourse. Using the example of "Fate" / "Tagdyr" in Russian and Kazakh languages. Dissertation] Astana, 2010. Pp. 23-24
- 14 Auezov M. *Sobranie sochinenij v dvadcati tomah. 1 t. Rasskazy*. [Collected works in twenty volumes. 1 vol. Stories.] (Almaty, 1979).

15 Auezov M. Povesti i rasskazy. Perevod s Kazahskogo yazyka. [Novels and short stories. Translation from the Kazakh language] (Almaty, 1984).

Received: 12.06.2024

МҒТАР 16.01.09

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss3pp127-137](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss3pp127-137)

Г.О. Сыздықова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

ХОТОН ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ КЕЙБІР ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚОСЫМШАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Тіл тарихын зерттеу мәселесі ғылымның даму барысында өзінің өзектілігін жоймайды. Бұл бағытта хотон тіліндегі грамматикалық қосымшаларды шығу, даму тарихы тұрғысынан зерттеудің де маңызы бар. Мақалада етістіктің есімше, көсемше және рай жұрнақтарының хотон тіліндегі сипаты мен қолданысы қарастырылады. Зерттеу нысанына алынған хотон тіліндегі аталған грамматикалық қосымшалардың қалыптасуы мен дамуы туралы теориялық негізге А.Н. Самойлович, Э. Тенишев, Н.А. Баскаков, С.Е. Малов, Х. Отгон, Г.Д. Санжеев, А.Д. Донгак, М.Томанов, А.Ысқақов және т.б. ғалымдардың ғылыми тұжырымдары алынды. Ал талдау деректеріне Г.Н. Потанин мен Б.Я. Владимирцовтың еңбектерінде берілген сөздіктерден жинақталған тілдік материалдар негіз болды.

Шағын хотон этносы тіліндегі етістіктің кейбір грамматикалық қосымшаларын зерттеу барысында тілдік деректерді саралау жинақтау, жүйелеу, салыстыру, салыстырмалы-тарихи және талдау әдістері арқылы жүзеге асырылды. Есімше, көсемше, рай жұрнақтарының дереккөздерден жинақталған тілдік бірліктер құрамындағы қызметі мен қолданысындағы ерекшеліктерін анықтауда зерттеу нысанына қатысты дереккөздерге шолу жасалып, ғылыми көзқарастар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне қарай дәйектелді.

Кілт сөздер: хотон тілі, етістік, есімше, көсемше, рай, грамматикалық қосымша, түрлену жүйесі.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Тіл және қоғам ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты. Тілсіз қоғам болмайтыны сияқты, қоғамсыз тіл де болмайды. Тілдердің қоғамдағы қызметі, қолданысы бірдей сипатта емес. Ғалымдардың болжамынша, қазір әлем халықтары сөйлейтін тілдер саны шамамен 6-7 мыңға жуық. Олардың қатарында жойылып кеткен немесе жойылу алдында тұрған тілдер де бар. Тілдің жойылуына әсер ететін ең маңызды факторлар – сол тілдің иесі, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші этностың сан жағынан азаюы және тілдің бірте-бірте қолданыстан шығуы.

Тіл қарым-қатынас құралы ғана емес. Тіл – салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың, мәдениеттің құралы. Халықтың өзін-өзі тануы, тұрмысы мен мәдениеті, дәстүрі мен әдет-ғұрпы тіл арқылы беріледі, тіл арқылы жүзеге асады. Тілдің осы қызметін ескерсек, белгілі бір ұлттың, этностың даму жолында оның өткен тарихына да назар аудару керек.

Моңғол халқының арасында өзінің шығу тегі, салт-дәстүрі, мәдениетімен ерекшеленетін этникалық топ хотондар деп аталады. Бұл топтың шығу тегі туралы тарихшы, этнограф ғалымдар түрліше деректер келтіреді. Тіпті мұндай мәліметтер хотон этносы өкілдерінің арасында да айтылады.